



“БАЛДӘУРЕН” - ТЫНЫСЫ

№7 2-ауысым 2 наурыз 2022 жыл (ауысым сайын)

Балалар мен жасөспірімдер журналы

**«Ұшқыр ой алаңы»
республикалық жас
пікір-сайысшылар лигасы**





*БОСЫМБАЕВ Даурен Абдикаримович,
«Балдәурен» РОСО филиал директоры.
Түркістан облысы, Төлеби ауданы*

«Қазақстандық жас патриоттар Академиясы»

Бүгінгі жастар – еліміздің ертеңгі болашағы. Сол ұрпақты саналы да білімді ету – негізгі міндетіміз. Соның бірі – патриоттық тәрбие беру мәселесі. Жастарымызды патриоттық рухта тәрбиелеуде орталығымызда «Қазақстандық жас патриоттар Академиясы» жұмыс жасауда.

Өз халқының ұрпағын патриот етіп тәрбиелеу - қай халықтың болса да тәрбиелеу жүйесінің негізгі талаптарының бірі болып табылады. Ал біздің халқымызда бұл талап әрдайым жоғары деңгейде болған. Ата-бабаларымыз кең байтақ далада мекен еткен де, сондықтан оларға «Атамекен, туған жер» ұғымы әрдайым қастерлі де қасиетті ұғым болған. Бұл қасиеттер ұрпақ бойына оқумен, біліммен, үйренумен, ізденумен, құлшыныспен, талпынумен бітеді.

Қазақстанның болашағы үшін жастарға дұрыс тәрбие беру мәселелері, әрине, ерекше назар аударуды қажет етеді, өйткені қоғамның құндылық бағдарлары, елдің ұлттық қауіпсіздігі, шығармашылық даму, өскелең ұрпақтың азаматтық қалыптасуының бәрі осы патриоттық тәрбиеге байланысты.

Қазақстандық жасөспірімдер білімді, жан-жақты дамыған, шынайы патриот болуы тиіс. Өз отанына деген шынайы сүйіспеншілігі болмай, нағыз қазақстандық патриот және өз елінің шынайы азаматы болу мүмкін емес.

Биыл «Қазақстандық жас патриоттар Академиясының» құрылғанына 6 жыл толып отыр. Осы айтулы мерекемен барша «Қазақстандық жас патриоттар Академиясының» мүшелерін құттықтаймын. Елжанды патриот ұрпақтарымыз көп болсын!



ӘЛП Егемберді Тұрсынбекұлы,
«Балдәурен» РОСО филиалының тәрбие
кешенінің директоры.
Түркістан облысы, Төлеби ауданы

Балалардың жас ерекшеліктеріне **байланысты танымдық** **әрекеттерін дамыту**

Баланың жеке тұлғасының дамуында ойындық әрекеттер аса маңызды болып табылады. Оған заттық, дидактикалық, қозғалыстық, театрланған және сюжеттік – рөлдік ойындар кіреді. Ол маңызды компоненттерден тұрады. Ойынды түрлендіру, ойындық әрекеттерді қайта жүргізу үшін мұғалімнің өзі түрлі практикалық әдістерді меңгеруі қажет. Онымен қоса ойын жан-жақты және нақтылы көріністерін береді. Бала жеке іс – әрекеттер мен ережелерді орындауды үйренеді. Сюжеттік – рөлдік ойын барысында балалар шынайы әсер беретін сипаттарды өз бойларына сақтап қалулары керек. Осы ойын ортасында үлкендер де жүреді, оның міндеті жауапты қозғалыстарды бақылайды. Танымдық қабілеттер дегеніміз не? Танымдық іс – әрекет, танымдық белсенділік, танымдық ізденімпаздық мәселелері жөнінде оқу – әдістемелік, психология — педагогикалық әдебиеттерге ғылыми зерттеулерге шолу жасау барысында танылған жаңашыл педагогикалық бағытты бөліп көрсетуге болады. Ю.К.Бабанский білім беруді оңтайландыру жүйесін ұсынса, М.А.Данилов пен Б.П.Есипов оқушының танымдық міндеттерін шешуде танымдық белсенділікті қалыптастыратын оқыту әдістерінің дидактикалық тұрғыдағы классификациясын жасады. Танымдық әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл - ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекетті орындаудың тәсіл - амалдарынан тұрады. Ойын тәсілдерінің тиімділігі іс-әрекеті жүйелі, мазмұн сабақтастығын сақтай отырып бірнеше компоненттерін құру;

Балалардың міндетті және мүмкіндік деңгейлерін ескеру.

Жалпы білім беретін мектепте арнайы сыныптарда оқитын психикалық дамуы тежелген баланы сыныптастарына теңестіру немесе қатарға қосу барысында жұмыс нәтижелі болу үшін, әр баланың рухани дамуына психологиялық – педагогикалық жағдай жасай отырып, өз ортасында және өзге ұжымда өзін еркін сезіне алуға тәрбилеу, өзіне - өзі сенімді, жауапкершілік қасиетті сіңірген тұлға ретінде қалаптастыру қажет.

Деңгейлеп қарайтын болсақ бірінші деңгейдегі мақсат – ойын үрдісінен рахаттану. Егер ойын балаға қуаныш әкелетін болса, онда бала кез-келген белсенділікке дайын болады.

Екінші деңгейдің мақсаты – функционалды. Ол ойын ережесінің сақталуы, көріністер ойнау, рөлдерді орындаумен байланысты.



***ЕРНАЗАРОВА Айнұр Шүкірқызы,
«Балдәурен» РОСО филиалының
ұйымдастырушы-ұстазы.
Түркістан облысы, Төлеби ауданы***

Түркістаным – тірегім, Балдәуренім - жүрегім!

Түркістан - екі дүние есігі ғой,
Түркістан - ер түріктің бесігі ғой,
Тамаша Түркістандай жерде тұрған,
Түріктің тәңірі берген несібі ғой.

Түркістан - көне қала ғана емес, ірі оқиғалардың куәгері. Қазақ мемлекетігін құрған, қалыптастырған хандардың, билердің, батырлардың бұл қасиетті шаһарда тұрмағаны немесе соғып өтпегені жоқ деуге болады. Демек, Түркістанның әрбір көшесі тарихи беттерге толы. IV-X ғ Түркістан орнында Шағбар деген үлкен қала болған. IX-X ғ ол жақсы қалалар қатарына қосылып, гүлденеді. Сол кезден бастап Яссы, ал XV ғ –дан бастап Түркістан деп аталады. “Түркістан деген сөз – түріктер мекені, елі” деген сөз. Өйткені сол заман бұл аймақты түркі тілдес халықтар мекендеген. Сол кезден бастап қала түркі халықтардың діни орталығы болып келді.

Ежелгі Түркістан қаласы қазақ топырағындағы сол кездегі саяси мәселелерді, дау-дамайларды шешу орталығы болған. Бұл қаланың түбінде мәр төбеде үш жүздің өкілі ылғи бас қосып, уәжге келіп отырған. Жер дауы, жесір дауы осы арада шешіліп, әңгіме өзек болған. Исі түркі халықтарының екінші меккесі атанған Түркістан аумалы-төкпелі заманда елге нық сенім беріп, діни және рухани беріктікті сақтап қалуға көмектескен рухани тазарту орталығы болған. Оны қазақ жерінің әр түкпірінен мінәжат етіп келген халық ауыр қасіретпен қиындықтан қорғайтын пана деп білген.

Қазақстанның халық жазушысы Ш.Мұртаза «Киелі Түркістан» деген мақаласында былай деген: “Әр елдің, егер ол өз тарихын, өз мәдениетін, өз намысын бағалай білетін ел болса, сол елдің пір тұтатын бір мекені болды.” Мысалы, ол өзбектерде Самарханд, Бұхара, орыстарда

Суздаль, Владимир, Иранда - Машхат. Ал біз үшін, қазақтар үшін сондай рухани алып –Түркістан.

Бүгінде облыс орталығы болған тарихи халамыз күннен-күнге қарыштап дамып, көркейіп келеді. Облыс құрамында 16 әкімшілік аудан, 4 қалалық әкімдік, 8 қала, 13 кент, 171 ауылдық округ, 932 ауыл бар. Облыс тұрғындарының 47% қалада, 53% ауылда тұрады. Түркістан облысының ірі аудандарының бірі болған Төлеби ауданы басқа аудандардан өзінің ерекше табиғатымен ерекшеленеді. Осы Ордақонған тауы Төле бабамыздың өмірінің соңына дейін жазғы жайлауына айналыпты. Төле бабамыздың жайлауы болғандықтан 1991 жылы осы ауылда Төле бабамызға үлкен ас беріліп, осы ауданды «Төлеби ауданы» деп атады. 2013 жылы Төле бабамыздың 350 жылдық мерей тойы осы ауданда Ордақонған тауының етегінде тойланды.

«Балдаурен-Түркістан» РОСО-да осы Ордақонған тауының етегінде Тоғыс өзенінің бойында орналасқан керемет орталықтың бірі. 2018 жылдың қазан айынан бастап өз бауырына бүлдіршіндерді қабылдап, бүгін міне үш жасқа толып отыр. Осы үш жылдың ішінде республика көлеміндегі жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар, үздік болған оқушыларымызды қабылдап, балалық шақтарының естен кетпес естеліктеріне айналды. Бауырына келген әр баланың талғамынан шығып, біліммен қатар тәрбиелеп, сауықтырып, 20 күндік демалыстарын қызықты, әрі тиімді өткізудің бар жағдайын жасауда. «Балдәурен-Түркістан» РОСО филиалы менің арманымна қанат байлап, мақсатыма бір қадам жақындатуда. Ұйымдастырушы-ұстаз (вожатый) болу қызықты, әрі жауапкершілігі мол жұмыс. Алдыңа келген 30 баланың мінезін, еркелігін көтеріп, оның ата-анасы, аға-әпкесі, досы бола білуің керек. Менің бұл жұмыстан ешуақытта бас тартқым келмейді. Себебі, періштедей пәк балалардың шат-шадыман күлкісін көргенде, бар жұмыстың қиыншылығын ұмытып, баламен бала болып кетесің.

Жалпы баламен жұмыс жасау үлкен жауапкершілік пен зор ізденісті талап етеді. Осы орталықта өткен 2 жыл болашақта өз балаларымды тәрбиелеудегі зор мүмкіндіктерге жол ашады. 2002 жылы өз жұмысын бастаған «Балдәурен» РОСО қазіргі таңда саны төрт орталыққа жетті. «Балдәурен-Көкшетау», «Балдәурен-Қапшағай», «Балдәурен-Шымкент», «Балдәурен-Балқаш» филиалдары бүгінгі таңда өздерінің сүйікті оқушыларын қабылдап, озат оқушылардың қимас орталығына айналған.

Үш жылдық мерейтойын тойлап отырған арман аралы бүгінгі таңда көптеген жетістіктерге жетіп, мұғалімдер мен оқушыларға мүмкіндіктер жаратуда.

Босымбаев Даурен Әбдікәрімұлы басқарып отырған «Балдәурен-Түркістан» РОСО бүгінгі таңда өзінің оң бастамаларымен жұмыс атқарып келеді. Алдағы уақытта орталығымыз қарыштап дамып, өзінің игі бастамаларымен оқушыларды қуанта береді деген сенімім мол. Үш жылдық мерейтұйың құтты болсын балалардың арман аралы - «Балдәурен-Түркістан»!

«Достық. Шаттық. Балдәурен!» танысу кеші



Міне, 2022 жылдың 2-ауысымы басталғалы екі күн өтті. Бүгін оқушыларымызға «Оң қол» заңы, «Сол қол» заңы, «Асхана ережесі», «Тwіx» заңы және т.б орталық ережелерімен таныстыру мақсатында «Достық. Шаттық. Балдәурен!» танысу кеші болып өтті. Ойындар ойнатылып, балалардың өздерін ортада еркін ұстауларына көмектесті. 2022 жылдың 2-ауысымның оқушылары он саусағынан өнер тамған, өнерлі оқушылар екендерін көрсетті.



2-ауысым президентіне үміткерлермен танысу



Орталықта дәстүрге айналған негізгі іс-шараның бірі – «Өзін өзі басқару», «Сенім» ұйымының үміткерлерімен танысу кеші. Ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, білімді, топтар арасынан ең үздік, өнерлі оқушыларымыз іріктеліп, өзара сынға түсті. 20 күн бойы ұйымдастырушы-ұстаздарының көмекшісі болатын оқушыларымыз әділ-



қазы алқаларына өз кандидаттығын ұсынды. Әр оқушының жеке дара қабілеті бар. Таныстырылымнан кейін орталық демалушыларына бір күн уақыт беріледі. Ескеретін жайт, әр топ өзінің кандидатын таңдай алмайды. 2022 жылдың 2-ауысымының президенті болып кімнің сайланғанын ашылу салтанатында білетін боламыз.



«Ұшқыр ой алаңы» топ визиткасын қорғау кеші



Визитка – топтың ынтымағын, татулығын, ұйымшылдығын көрсететін алғашқы іс-шара. Ауысым тақырыбынан ауытқымай 2022 жылдың визитка қорғау кеші «Ұшқыр ой алаңы» деп аталды. Кеште әр топтың бір-бірінен ерекшелігін аты, ұраны, санамағы болады. Визитка топтар арасында достықты нығайту мақсатында

ұйымдастырылады. 8 топ өнер көрсетіп болғасын «Жастар педагогикалық тобы» сахна төріне шығып нағыз топтың қандай болуы керек екендігін көрсетті. Нағыз өз ісінің майталман мамандары екенін дәлелдеді. Топ визиткасын қорғау кешінің «Ең ұйымшыл топ» номинациясын 1-топ, «Ең ерекше топ» номинациясын 5-топ, «Үздік топ» номинациясын 6-топ жеңіп алды.



Мектеп презентациясы



Балдәурен - балалық шақтың мекені,
Балдәурен - қызықты өмірдің кешені.
Балдәурен - достықтың ордасы,
Балдәурен - бақыттың ортасы, - арман
аралына қош келдің, жас достар!

Бүгін орталығымызда
2-ауысымының мектеп презентациясы
болып өтті. Оқушылар ұстаздармен
таныстырылып, сыныптарға бөлінді.
Осы ауысым барысында көптеген іс-

шаралар өткізіп, қызықты сабақтар, әртүрлі зияткерлік ойындар, керемет әдеби-сазды кештер өткізіледі. Бұл іс-шараларда балалар өздерінің жақсы қырларымен көрсете алады. Оқушылардың білімі мен біліктілігін арттыратын, дұрыс бағыт-бағдар беретін ұтымды ауысым тілейміз!



2022 жылдың 2-ауысымының ашылуы



Бүгін «Ұшқыр ой алаңы» республикалық жас пікір-сайысшылар лигасы атты 2-ауысымның ашылу салтанаты жоғары деңгейде болып өтті.

Жан-жақтан келген жас бүлдіршіндеріміз орталықты енді ғана танып, өз ортасына бейімделіп, топпен жұмыс жүргізуді үйренуде. 260 баланың ішінен өзінің



ұйымдастырушылық қабілеті бойынша озып шыққан 6-топ демалушысы Шайдуллин Нұрислам 37,5 % жинап, ауысым президенті болып тағайындалды. 20 күн бойы оқушылардың демалыстарының қызықты өтуіне топ тәрбиешілері мен бірге жұмыла ат салысарына сеніміміз мол. Барлық балдәурендіктерді нағыз – «Балдәурендіктер» болғанымен құттықтаймыз!



«My hobby» қызығушылық үйірмелер презентациясы

Үйірмелер баланың жан-жақты дамуына көмектеседі. Оқушылар үйірме барысында қызықты мағлұматтарға ие болады. Әр топтан үйірмеге 2-3 оқушыдан қатыса алады. Үйірме қорытындысы ретінде сертификатпен марапатталып, гала-концертте өздерінің үйренгендерін сахнаға алып шығады. Үйірме балалардың демалысының тиімді өткізуіне септігін тигізеді. 2-ауысым барысында төмендегі үйірмелер жұмыс жасайды.

№	Үйірме атауы	Жетекшілер	Өтілетін орны	Қатысушылар
1	«Жас шебер»	<i>Түктібаева А.Е.</i>	5 корпус, 2 қабат	1. 2.
2	«Домбыра»	<i>Бегимова С.Е.</i>	5 корпус, 2 қабат	1. 2.
3	«Алтын ине»	<i>Пиязбекова Дина</i>	5 корпус ,2 қабат	1. 2.
4	«Үстел үсті теннисі»	<i>Байгон Б.И.</i>	5 корпус	1. 2.
5	«Үстел үсті ойындары»	<i>Абуов Т.М.</i>	Стадион	1. 2.
6	«Озық ойлы оқырман»	<i>Айтмурзаева Ж.</i>	Кітапхана 6 корпус	1. 2.
7	«Жас психолог»	<i>Сарсенбаева Д.К.</i>	6 корпус, 1 қабат	1. 2.
8	«Бокс»	<i>Даулетбаев Ж.А.</i>	Жаттығу залы	1. 2.
9	«Жас сан. инструктор»	<i>Конурбаева Ш.Е.</i>	Медицина кеш.	1. 2.
10	«Art House»	<i>Жексенбиева М.</i>	АБК, 1 қабат	1. 2.
11	«Волейбол»	<i>Жолдасбек Е.</i>	Спорт зал	1. 2.

«New Zhastar» педагогикалық тобымен танысу кеші



Орталықтың тағы бір дәстүрге айналған көңілді кешінің бірі – «Жастар» педагогикалық тобымен танысу кеші. Кеш әр баланың өз ұйымдастырушы-ұстаздарының жаңа бір қырынан тануына көмектеседі. Жастар қызықты қойылым қойып, балаларға ерекше көңіл-күй

сыйлайды. Балалармен бірге ән айтып, би билеп, өздерінің бар өнерлерін ортаға салады. Ұйымдастырушы-ұстаз болуың үшін қолынан бәрі келетін, әмбебап тұлға болуың қажет. Тобындағы әр бала өз тәрбиешісіне қарап бой түзейді.



«Жас жұлдыздар» шығармашылық байқауы

Орталыққа келген оқушылардың өзіндік қабілетін, талантын анықтау мақсатында шығармашылық байқау ұйымдастырылды. Бұл байқау баланың қабілеті мен ерекше дарынына негізделген шығармашылық байқау. Оқушылар репортаж, жайдарман, мәнерлеп оқу, болашақ жобасы, хореография, аспапшылар, қол өнер, ертегі



әлеміне саяхат, жазушылар т.б шығармашылық байқау бойынша өз бақтарын сынады. Байқау шарттары бойынша оқушылар өз қалаған жанрдағы байқауға қатыса алады. Байқау барысында ашылмай тұрған талантты жастарымыз қаншама екеніне көз жеткіздік. Аталған байқаулар бойынша үздік болған үштік



анықталып, өзіндік марапаттау қағаздарымен марапатталды.

«Түркістаным - жүрегім, Рахымжаным - тірегім!» өлкемен танысу кеші

Балаларға туған жерінің тарихын тереңнен түсіндіріп, өскелең ұрпақтың санасына сіңдіру мақсатында өлкемен танысу кеші болып өтті. Облыс орталығына айналған Түркістан қаласы жайлы көптеген құнды мағлұматтар беріліп, оқушылардың таным түсінігі артты. Сахналық қойылым көрсетілді. Іс-шара барысында облысымыздың кереметтей киелі жерлерімен балалар танысып, олардың тарихына көз жүзіртті.

Ұлы Отан соғысында Рейхстагқа ту тіккен қазақ батыры Рахымжан Қошқарбаевтің ерлігімен жас достарымыз танысты. Рахымжанның тіккен туының көшірмесі орталығымызға 2021 жылдың 14 мамыр күні "Рақымжан - жеңіс сарбазы!" атты республикалық форумда алып келінген болатын. Ауысым сайын сол туды таныстырып, оқушылардың бойына ерлік, ұлтжандылық, елін, жерін сүюді насихаттап келеміз. Әр бала өзінің тарихын білуге міндетті. Ұлтжанды патриот ұрпақты тәрбиелеу, жерді, отанды сүюге ынталандыру баршамызға міндет.



«Миллион кімге бұйырады?» зияткерлік шоу



Бүгін орталығымызда «Миллион кімге бұйырады» интеллектуалдық шоу болып өтті. Жалпы сайысымыз бес кезеңнен тұрды. Іріктелген он оқушыға Кахут бағдарламасы бойынша тест сұрағы беріледі. Сұраққа тез әрі дұрыс жауап берген оқушы негізгі ойынға қатысуға жолдама алды.

Негізгі ойынның ережесі: Әр түрлі деңгейдегі 12 сұрақ беріледі. Ойын үш деңгейден тұрады. Әр деңгей төрт сұрақтан оқылады. Бірінші деңгейдің төрт сұрағына жауап берген оқушы бес жүз теңге алатын болады. Төрт сұрақтан кейінгі қойылатын сұрақтарға жауап бере алмаған жағдайда

алынған сома күймейді. Барлық деңгейден өткен оқушы 1500 теңге иеленеді. Негізгі ойында қатысушыға жеңілдіктер қарастырылған. Бірінші жеңілдік «50 де 50». Екінші жеңілдік «досыңа қоңырау шалу». Үшінші жеңілдік «залдың көмегі».

Оқушыларға дайындалған сұрақтар Қазақстанның тәуелсіздік алғалы өткен айтулы оқиғалар мен жеткен жетістіктері жайында болды. Оқушыларымыз ойынға қатысу арқылы тарихымызға бір шолу жасады.



«Ұшқыр ой алаңы» республикалық пікір-сайысшылар онлайн лигасы

«Ұшқыр ой алаңы» республикалық пікір-сайысшылар онлайн лигасы болып өтті. Мақсаты: оқушыларға шешендік және пікірталас ережелерін үйрете отырып, коммуникативтік және қоғамдық жағдайларға баға беруге дағдыландыру, көшбасшылық қасиеттерін дамыту арқылы пікір-сайыс қозғалысын насихаттау, басқа да пікір-сайысшылар клубымен байланыста болу.



Орталыққа қонаққа Академик Ә. Қуатбеков атындағы Халықтар Достығы Университетінің «Жастар» ісі жөніндегі бөлім басшысы - Әлібек Бексейт Әшірбекұлы және де 2 курс студенттері Жанғалиқызы Ұлжан, Ахматходжаев Фуркат, Қалдыбай Ару келіп, төрешілік етті. Онлайн, «ZOOM» платформасында **Жансерік Жұман** - Түркістан облыстық «Jas Otan» ЖҚ филиалының төрағасы мен **Рахат Арғынбай** - «Қазақстан-Шымкент» телеарна журналисті қатысты. Оқушыларға төмендегі тақырыптар ұсынылып, өзара пікір-сайысқа түсті.





1. «БП Қашықтықтан оқытудың пайдасынан зияны көп деп есептейді».
2. «БП Электронды кітап дәстүрлі кітапты алмастыра алады деп есептейді».

Екі ойын барысында жеңген команда - «БП Ата-аналардың өз балаларының әлеуметтік желілердегі парақшаларына кіру мүмкіндігі болу керек деп есептейді» тақырыптары аясында

финалдық ойынға қатысты. Сайыс қорытындысы бойынша Батыс Қазақстан облысынан келген демалушыларымыз Қайрат Сабина мен Есенасанова Гаухар жеңіске жетті. Барлық оқушылар сертификаттармен марапатталды.



«Әуен терапиясы» дыбыстық оркестр байқауы



Дыбыстық оркестр – топ балаларының бірлесе әннің әуенін әр түрлі дыбыстар арқылы жеткізу. Топ болып жарысқан балалар өздерінің музыкалық қабілеттерін сынап көрді. Қызу сайыс барысында оқ бойы озық болған топты анықтау әділ-қазы алқаларына қиынға түсті. Бәрі бір-бірінен өткен өнерлі балаларды бөліп жару оңай емес. Ырғақты қойылған

әуенмен жарыса түрлі заттар арқылы сол әннің әуенін қоса орындаған балаларды құдды бір оркестр дерсің. Тартысты әрі қызыққа толы байқау болды. Байқау қорытындысы бойынша жүлделі орын «Бас жүлдені» 6-топ, 1-орынды 4 - топ, 2-орын 8 - топ алды, қалған топтар 3-орынға ие болды. Жүлделі орын алған топтарымызды жеңістерімен құттықтаймыз.



«Чемпион» СМ ойындары

Салауатты өмір салтын ұстанған орталығымыздың ең қызық та, тартысқа толы маңызды іс-шарасының бірі «Champion» СМ ойындары. Екі күнге созылған бұл жарыс барысында оқушылар жекелей, топтық түрлі сайыстарға қатысып, өз бақтарын сынайды. Бірінші болуға талпынады. Бұл сайыс барысында оқушылар ұйымшылдыққа, шыдамдылыққа тәрбиеленеді. Тартысқа толы өткен СМ ойындарымыздың жеңімпаздарын анықтап, жабылу салтанатында марапаттады. Оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға шақырды. Шынықсаң шымыр боларсың.



«Sport Time» спорттық-танымдық ойыны



Бірінші байлық денсаулық,
Спорттың күші он саулық,
Шынықшы досым спортпен,
Дененің күші он саулық.

- демекші, спортпен шұғылдану салауатты өмір салтының кепілі. Екі күнге созылған спорттық жарыстарымыздың ең қызығы «Sport Time» спорттық-танымдық ойыны. Оқушылардың арасынан

«Ең жылдам», «Ең епті», «Ең шапшаң», «Ең мерген» оқушыларымызды анықтау мақсатында әр топтан бір оқушыдан қатысып, өзара бақтарын сынайды. Спорт тарихындағы айтулы күндермен, атақты спортшылар жайлы түрлі сұрақтар қойылды. Ұшқыр ойлы, жүйрік оқушымыз анықталып, бүгінгі спорттық-танымдық ойынымыздың жеңімпазы атанды.



«Өнегелі оқушы» танымдық сайысы

«Өнегелі оқушы» танымдық сайысы - өскелең ұрпаққа туған халқының замандар бойы қалыптасқан тіршілік қағидасынан қол үзіп қалмауын, тарих қойнауында жатқан мағлұматтарды зерделеу, оны болашақ игілігіне жаратып, жөргегінен ұлттық мәйекпен жарытып, ұлттың өзіндік мінез, өзіндік сана, өзіндік даналық қалыбын қалыптастыратын салт - дәстүрге ден қоюға бағытталған ойын түрі. Сайысқа қатысушылар саны 10 оқушы. Жалпы сайыс 5 бөлімнен тұрады.

1. «Өнерлінің қолы алтын» - қазақтың салт-дәстүріне байланысты ұлттық бұйымдардың суреттері жасырылады. Ермексайдан осы суреттің мүсінін жасау қажет.
2. «Ұлттық мәдениет» - экранда 3 профиль ұсынылады, яғни «Ұлттық киімдер және аспаптар», «Тұлғалар», «Ұлттық спорт». Әр профильде 7 сұрақ бар. Әрбір дұрыс жауапқа 10 ұпай беріледі. Ұпай саны аз 2 оқушы сайыстан шығады.
3. «Ғажайып жетілік» - Әр ұяшықта қазақтың 7 санына байланысты сұрақтар берілген. Сұрақтарға толық жауап берген жағдайда 15 ұпай еншілейді. Ұпайы аз 2-3 оқушы сайыстан шығады.
4. «Сөз мәйегі - мақал» - Экранда 6 ұяшық көрсетілген. Әр ұяшықта мақалға арқау болатын сөздер берілген. Таңдаған сөздерге сәйкес мақал-мәтелдер айтулары керек. Әр айтылған мақал-мәтелдерге 5 ұпай беріледі. Ұпайы аз 3-4 оқушы сайыстан шығады.
5. «Кім жылдам?» - бұл бөлімді 2 оқушымен жалғастырады, әр оқушыға 10 сұрақтан беріледі. Тез, әрі жылдам жауап беру қажет!

Бес бөлім бойынша балалар өздерінің шын жүйрік, білімді, озат оқушылар екендіктерін көрсете білді. Десекте сайыстың аты – сайыс.



«Балалар әлемінде...!» қабырға газеті байқауы



Биылғы 2022 жылды Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев "Балалар жылы" деп жариялаған болатын. Президентіміздің бастамасын қолдай отырып орталығымызда "Балалар әлемінде...!" атты сыныпаралық қабырға газеті байқауы болып өтті.

Байқау барысында оқушыларымыз қылқаламмен түрлі суреттер салды. Сурет салу арқылы оқушылар креативтік идеяларын қағазға түсіре

отырып, бірнеше әдіс-тәсілдерді қолданды. Балалар өмірге деген көзқарасын, болашаққа деген ойын жеткізе алды. Сайыс қорытындысы бойынша "Бас жүлде" — 7"в" сынып, 1-орынды — 7"б" сынып, 2-орынды — 9"а" сынып, 3-орынды — 7"ә" сынып жеңіп алды. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз



«Қазақстанның Жас патриоттар Академиясы»



Биыл «Қазақстан Жас патриоттар Академиясының» құрылғанына 6 жыл. Бұл академияның негізін қалаушы авторлары, елдің жанашырлары, патриоттары: Төлепбай Мұхитдин Бекболатұлы мен Битуова Ділдәш Рысқұлбекқызы.

Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүйуге тәрбиелеуде «Қазақстандық жас патриоттар академиясының» болашағы зор. Себебі бұл ұйым еліміздің әр түкпіріндегі оқушыларды патриоттық рухта тәрбиелеуге зор үлесін қосады.

Республика көлемінде бала болашағы, ел болашағы үшін осындай ұйымның жұмыс жасап жатқаны біз үшін қуаныш, әрі мақтаныш. Әрбір Қазақстандық өз елінің патриоты болуға міндетті. Мереке құтты болсын, балдәурендіктер!!!



«Кубик-Рубика» танымдық ойыны



Ойын баланың дамуының ең таптырмас құралы. Ойнау арқылы баланың ой-өрісі кеңейіп, таным түсінігі артады. Орталықта баланың жан-жақты қабілетті болып өсуі мақсатында көптеген қызықты ойындар ұйымдастырылады. Әр ойынның өзіне тән ерекшелігі мен қызықтары болады.

Топтар арасында ұйымдастырылған оқушылардың білім – білік дағдыларын байқау, өздерін емін – еркін ұстай білуге үйрету, шапшаң ойлау қабілеттерін дамыту, шығармашылық қабілеттерін арттыру, білімге деген құштарлығын, қызығушылығы ояту мақсатында «Кубик-рубик» ойыны болып өтті. Балалар 3 топқа бөлініп, әрбір топта 3 баладан қатысты. «Сары», «Қызыл», «Көк» түсті топтар болды. Әр түрлі бағыттағы сұрақтар қойылып оқушылардың білімдері сыналды. Сайыс қорытындысы бойынша «Сарылар» тобы жеңіске жетіп, марапатталды. Үздік ойыншы номинациясын 2 топ демалушысы Марат Нұрәділ алды.



«Кітап – досым, ақылшым...» кітапхана конференциясы



Білімді сүйсең, кел күн сайын осында,
Кітап сенің айналады досыңа.

Талаптансаң үйренуге құмартып,
Кел, жас дос, ізденейік қосыла.

Кітап –біздің рухани сарқылмас қазынамыз. Кітап- ғылым. Ол бүкіл адам баласына ортақ. Білім жемісін халық арасына жаюшы, таратушы. Кітап- ақылдың кені, бар білімнің, ғылымның бастауы. Кітап оқып, оның көмегімен үздіксіз білім алған, атақты ғалым болған адамдар адамзат тарихында аз емес. Қазақтың ұлы ақыны

Абай Құнанбайұлы өз білімін ізденуімен, кітапты көп оқуының арқасында жетілдіреді, әрі бірнеше тілдерді меңгереді, алдыңғы қатарлы ойшылдардың еңбектерімен танысады. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Кітап-сендердің дүниетанымдарыңды кеңейтіп, рухани жан дүниелеріңді оятады, ақылшыларың болады. Қымбатты оқушылар, кітап бәріңнің де мәңгі сенімді достарың, серіктерің болсын. Кітапты көп оқитын оқырмандар көбейе берсін. Соңғы оқыған кітабыңыз қандай?



«Ұмытылмас күн бүгін!» туған күн кеші



**Туған күнім – бақ күнім,
Туған күнім – шат күнім.
Сыйлайды дос, құрбылар
Қызыл гүлін, ақ гүлін.**

Туған күн – ғажайып армандар мен жарқын үміттерге толы өмірдің жаңа бастамасы. Бұл күн күнтізбеде қызылмен белгіленбеген, туған күн иелеріне ғана ортақ мейрам болса да,

әлемде осы күнге жетер тамаша күн жоқ. Себебі дәл осы күн – біздің әлем сендермен толыққан күн. Ал бүгін міне 260 баламен бірге өз туған күніңді атап өткелі тұрсың. Бұның өзі бір бақыт. 2-ауысым барысында өз туған күнін Балдәуренмен бірге тойлап отырған барша туған күн иелерін туған күндерімен құттықтаймыз. Таудай талап, мызғымас сабырлық, қайтпас жігер, таусылмас талант, тамаша табыс, керемет кішіпейілділік, жайдары көңіл, ұзақ өмір тілейміз! Жадырап-жайнап, күліп-ойнап, бақытты сәтті күнде тойлап жүргейсіндер!



Интеллектуальная игра «Что? Где? Когда?»



24 февраля 2022 года в филиале РУОЦ «Балдаурен» была проведена интеллектуальная игра «Что? Где? Когда?» среди учащихся второй смены. Цель игры: расширить кругозор учащихся, развивать творческие способности, умение работать в команде. Задачами игры были развитие внимания, языкового чутья и логического мышления.

В интеллектуальной игре участвовали 2 команды по 6 учеников. Команда «Знатоки» и «Всезнайки». Были заданы вопросы по русскому языку, по русской и зарубежной литературе. Во втором туре были вопросы на логику. Игра проходила очень интересно. Были и видеовопросы.

Победителем стала команда «Знатоки» и все учащиеся были награждены грамотами. Зрители с интересом наблюдали ход игры.



«Қазақ поэзиясының Хан тәңірі» М.Мақатаевқа арналған поэзия кеші

Ақиық ақын, артына айрықша өшпейтін із қалдырған Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасау. М.Мақатаевтың өлеңдері мен әндері арқылы оқушыларды әсемдікке, елжандылыққа тәрбиелей отырып, поэзия әлемінің сырын ашу мақсатында «Қазақ поэзиясының Хан тәңірі» атты поэзия кеші болып өтті.



Ақиық ақын 1931 жылдың 9-ақпанында Алматы облысы, қазіргі Райымбек (бұрынғы Нарынқол) ауданының Қарасаз ауылында дүниеге келген. Мұқағалидың әкесі Сүлеймен шаруа адамы болған. Бастауыш сыныпты Қарасазда оқып, орта мектепті Нарынқолда интернатта оқып бітіреді. Мектепте оқып жүрген кезде ең алғашқы өлеңдерін бастаған болатын. 1948 жылы орта мектепті бітірісімен, мәдени-ағарту саласында түрлі қызметтер атқарды. Мектепте әдебиет пәнінен сабақ берді. Аудандық газетте әдеби қызметкер болып істейді. Ол 1962 жылы Алматыға қоныс аударып, әдеби ортаға етене араласа бастайды. Алматы Шет тілдері институтының неміс тілі, Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультеттерінде оқып және Мәскеудегі М. Горький атындағы әлем әдебиеті институтында білім алады. Мұнан соң «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен

Қазақстан») газетінің (1962-1963 жж.), «Мәдениет және тұрмыс» (қазіргі «Парасат») (1963-1965 жж.), «Жұлдыз» (1965-1972 жж.) журналдарының редакциясында, Қазақстан Жазушылар одағында (1972-1973 жж.) қызмет атқарады.



Мұқағали Алматыдағы қазақ әдебиеті мен өнерінің қаймақтары шоғырланған ортада өткерген аз ғана жылдар ішінде өзіндік дара үнін, суреткерлік қайталанбас дарынын танытып, өнімді еңбектене білді. Көзінің тірісінде жариялап үлгерген жыр жинақтары: «Ильич» (1964ж), «Армысындар достар» (1966ж), «Қарлығашым келдің бе?», «Мавр» (1970ж), «Аққулар ұйықтағанда» (1973), «Шуағым менің» (1975ж).

«Айтылар естеліктер мен туралы,
Біреулер жан еді дер өр тұлғалы.
Біреулер тұлпар еді деуі мүмкін,
Бүтінделмей кеткен бір ер тұрманы.»

Иә, ақын туралы бүгінгі таңда естеліктер де жазылып, лебіздер айтылуда. Бірақ ақын туралы айтқанымыздан, айтпағанымыз көп болып отыр. М.Мақатаев туралы көбірек білгіміз келсе, оның өлеңдерін оқиық.

«Дәлме-дәл» пародия байқауы



жеңіске жетеді. Әр топ ерекше дайындықпен келді. Балалардың өнерлеріне тәнті болдық. Бірі-бірінен өнерлі, нағыз талантты оқушылар екендігін көрсете білді. Әділ-қазы алқаларына жеңімпазды таңдау қиынға түсті. Себебі, бұл - жүлделі орынға кез-келген топтың оқушылары әбден лайықты еді. Әйтседе, сайыстың аты сайыс. Жеңбек бар жерде, жеңілмек те бар. Сайыс қорытындысы бойынша ----топ жеңіске жетті.

Орталықта ұйымдастырылған ең керемет, қызыққа толы, ерекше шабыттандыратын көңілді кеш. Барлық оқушылар өз топтарымен бірге кино-индустриядағы жарқын бейнелерге пародия салды. Дәл сол қалпында айнытпай көшірмесін салған топ



«Бизнес-сити» ойыны.



«Бизнес» - белгілі бір кәсіп түрімен қаржы тобу. Баланы қызықтыратын, ойнай отырып ойлауды дамытатын, қаржы саласы бойынша сауаттылықтарын арттыратын ерекше ойын түрі. Балдәурендіктерге бұл ойын барысында әр топқа белгілі Балдәурендік теңгеден әр топқа берілді. Осы қаржыны бизнес бекеттерге барып жұмсауы қажет болады. Жалпы топтар бойынша түрлі бекеттер жұмыс жасап тұрды. Солардың бірнешеуіне тоқтала кетсем:

- Қорқынышты бөлме; - Массаж;
 - Көріпкел; - Дискофиес;
 - Сән әлемі; - Сұлулық салоны;
- Түрлі спорттық ойындар секілді қызықты бекеттер өз жұмысын атқарды. Әр топ өз ғимараттарында бизнестерін ашып, қаржы тапты. Жалпы топ мүшелері екіге бөлінді.
1. Топта қалып бизнестерін жүргізетін балалар;
 2. Өзге топтарға барып ақша жұмсап өз қажеттіліктерін өтеу.

Бұл ойынға тек балалар ғана емес ұйымдастырушы-ұстаздарымыз бен үйірме жетекшілеріміз, орталық басшылары мен басқада қызметкерлер қатысты. Бұл ойынның басты мақсаты өзің қаржы құрта жүріп өз бизнесіңді жүргізу, өзге топтарға қарағанда көп Балдәурендік теңге жинау. Бұл ойын баланың дамуына, тұлға болып қалыптасып болашақта өз кәсібінді жүргізуіңе жол көрсеткендей болды.



2022 жылдың 2-ауысымының жабылуы



Кез-келген істің бастауы болғандай, оның аяқталуы да болады. Міне, 20 күн бойы жалғасын тапқан демалысымыз сәтті аяқталды. Көңілді кештер, түрлі танымдық, зияткерлік ойындар ұйымдастырылды. 2-ауысым демалушыларына ақ жол тілейміз.

Құрметті Балдәурендік атанған оқушылар! Әрине өздеріңдей өнерлі балалармен қимастықпен қоштасамыз. Сіздер үшін арман аралына айналған – Балдәуреннің есігі әрдайым ашық.

Балдәуреннің төрінде сіздерді қашанда күтеміз. Оқушыларға тек қана сәттілік тілейміз! Алар асулары мен жетер жетістіктері көп болсын!



«Мың алғыс саған, Балдәурен!» гала-концерті



Қыс мезгілінің ең соңғы ауысымы 2-ауысым да аяқталды. 20 күн бойы оқушылар өз демалыстарын қызықты, есте қалардай естеліктерге толтырғанына сеніміміз мол. Кеше ғана орталық табалдырығын аттаған, ортаға үйренісі алмаған балалар, бүгін міне, өз ортасын, тобы мен ұйымдастырушы-

ұстазын, қызыққа толы демалыс орнын қия алмай, жанарлары жасқа толған. Демалыс барысында қатысқан үйірмелерінің қорытынды сертификатымен марапатталды. Қорытынды кешіміз «Мың алғыс саған, Балдәурен!» деп аталып, 20 күн бойы үйренген ән-биімен, көңілді көрінісін ортаға салды. Ауысым барысында өзін жан-жақты көрсете білген оқушыларымыз алғыс хаттармен марапатталды. «Балдәурен» бақытты балалық шақтың мекені сіздерге сәт-сапар тілейді. Орталық сіздерді қашанда қуана қарсы алуға әсір. Жолдарыңыз болсын жас достар!





baldauren

Мекен-жайы:

*Түркістан облысы, Төлеби ауданы,
Нысанбек ауылы, Үшсала көшесі, 32 үй*

Телефон: 8 (771) 825 77 61

E-mail & baldauren_2@inbox.ru